

"Автокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді техникалық байқауды жүргізудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1999 жылғы 22 қарашадағы N 587 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылы 3 желтоқсанда 990 нөмірмен тіркелген)

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 13 желтоқсандағы N 722 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 30 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2651. Бұйрықтың күші жойылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 8 маусымдағы N 263 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 8 маусымдағы N 263 бұйрығымен .

Автоматокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізуді ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында **бұйырамын** :

1. "Автоматокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1999 жылғы 22 қарашадағы N 587 бұйрығына (бұдан әрі мәтін бойынша - Бұйрық) (тіркелген нөмірі 990) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Б ұ й р ы қ т а :

2-тармақтың 6-шы тармақшасындағы "Жергілікті атқарушы органдарға" деген сөздер "жоғары дайындығы бар жол полициясы қызметкерлерінің ішінен" деген сөздермен, "ұсыныс енгізілсін" деген сөздер "жұмыс тобы құрылсын" деген сөздермен ауыстырылсын;

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген, автоматокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқаудан жүргізудің Тәртібінде:

9-тармақтың 3 тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) диагностикалық жабдықтар мен бақылау-өлшем аспаптары, олардың жарамдылығы, метрологиялық аттестациядан өту уақыты мен кезеңдері, соңғы тексерілген уақыты Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты (ҚР СТ 1086-2003) "Автоматокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді техникалық диагностикалау. Жұмыс жүргізу технологиясына жалпы техникалық талаптар." талаптарына сәйкес болуы керек";

мынадай мазмұндағы 9-1 тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Транспорт құралдарының техникалық жағдайын мемлекеттік техникалық байқаудың алдында диагностикалау Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты (ҚР СТ 1086-2003) "Автоматокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді техникалық диагностикалау. Жұмыс жүргізу технологиясына жалпы техникалық талаптар." талаптарына сәйкес жүзеге асырылады";

41 тармақ алынып тасталсын.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде міндетті мемлекеттік тіркелген күнінен бастан қолдануға енгізіледі.

Министр